

УДК 371.881.1

ИРАН АЙМАҒЫНДАҒЫ ТҮРКІ ТАЙПАЛАРЫ: ҚАШҚАЙЛАР

Жылқышиева Мария Берікқызы

mzhylkysheva@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультетінің

3-курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: Азмұханова Айман Махсотқызы

Түркі этникалық тобынан тараған халықтардың алтауында, атап өткенде Қазақстан, Түркия, Қырғызстан, Өзбекстан, Әзірбайжан, Түрікменстанда шекарасы карта бедерінде белгіленген, әлем мойындаған тәуелсіз аумағы болса, қалған түркі тектес халықтар автономиялық мемлекеттер немесе әлі күнге дейін өзінің нақты аумағы жоқ көшпелі халықтар болып табылады. Мысалғы, осы уақытқа дейін қырым татарларының мемлекеттілігі қалпына келтірілген жоқ, ноғайлар, месхеттік түріктер, шорлар, чулимдер, сібір татарлары, қараиттар, трухмендер және басқа да кейбір түркі халықтарының да тәуелсіз мемлекеттігі жоқ [1,б.5.]. Көшпелі түркі халықтарының едәуір бөлігі Иранда тараған. Оның ішінде Иранда саны 12-13 миллионға жуық әзірбайжандықтар парсылардан кейінгі Ирандағы саны көп екінші этнос болып табылады. Онымен қоса, Иран аумағында Иран халқының шамамен 2%-ын құрайтын түрікмендер, қашқай хорасан түркілері сынды әртүрлі тайпалық түркі конфедерациялары мекендейді. Ирандағы тайпалар мәселесі, әсіресе олардың шығу тегі мен көшпелі өмір сүру салты әлі толықтай ашылып, зерттелмеген тақырып. Кази Лайпанов пен Исмаил Мизиев «О происхождении тюркских народов» еңбегінде бұл мәселенің әлі де бір жақты қаралып келе жатқанына тоқталып, «Түркі халықтарының шығу тегі және олардың этномәдени дәстүрлері ғылымның аз зерттелген мәселелері бірі болып табылады» деген болатын. Оның дамымағаны

ғылыми базаның әлсіздігі ғана емес, ғалымдардың, соның ішінде ирантанушылардың бұл тақырыпқа осал, елемей қарауында. Бұл осы уақытқа дейін үндіевропейліктер түркітанушыларға этногенезді зерттеу жолдарын мен әдістеріннен бөлек тарих пен тіл білімінің басқа мәселелерін де басымдық танытып отыруында» дейді[1,б.4], осындай көзқарас легіне белгілі ирантанушы-ғалым Михаил Сергеевич Ивановтың пікірін қосуға болады: «Ирандағы көшпелі тайпалар мәселесін зерттеу төмен деңгейде, әсіресе Иран тарихында үлкен орын алатын Фарс останындағы тайпалар аз зерттелген» [2,б.5]. Ал, Ирандағы түркі көшпелілері өз кезегінде Иран халқының 20-25% пайызын құрап[3, б.336], Иранның саяси-экономикалық тарихында айтарлықтай әсер қалдырған және аталған түркі тайпалары арасында ел басқаруға дейін көтерілгендері бар екендігін атап өтуге болады: селджұктар (XI-XIVғғ.), Хорезмшах династиясы (1077–1231жж.) мен Каджарлар династиясы (1794–1925жж.). Иран Ислам Республикасының халқы көп этностар, тайпалық бірлестіктер мен субэтностардан құралған мемлекет, бұған оның географиялық орналасуы да үлкен әсерін тигізді. Өйткені Иран Азияның оңтүстік-батысында, Орта және Таяу Шығыстың түйіскен жерінде орналасқан. Солтүстігінде Каспий теңізі, оңтүстігінде Парсы және Оман шығанағы шайып жатыр. Иран құрлықта жеті мемлекетпен шектеседі: Әзірбайжан, Армения, Ауғанстан, Ирак, Пәкістан, Түркіменстан, Түркия. Сонымен қатар Каспий теңізін Ресей және Қазақстанмен, Парсы шығанағын Кувейт, Сауд Арабиясы, Катар, Бахрейн және Біріккен Араб Әмірліктерімен, Оман шығанағын Оманмен бөліседі. Аумақтық бөлінісі бойынша 31 останға(провинция) бөлінген. Көшпелі тайпалар негізінен Фарс (Қашқай, Мамасани және Хамсех), Чармахал-е Бахтиари (Бахтиарлар мен Лурлар), Күрдістан, Әзірбайджан, Ардебилде (Шахсевендар мен Гхаре Дагло),сонымен қатар елдің оңтүстігі мен оңтүстік шығысын да көптеп мекендейді. [3,б.337]. Осы көшпелі тайпалар легінде қашқайлар - еуразиялық түркі субэтностарының интеграциясынан құралған, Ирандағы ежелгі және ерекше этностардың бірі. Қашқайлар негізінен Иранның оңтүстік аймағы, Фарс останында кең таралған. Фарс - Иранның 31 останының бірі болып саналатын ерекше тарихи аймақ. Елдің оңтүстігінде, Парсы шығанағына жақын жерде орналасқан. Әкімшілік орталығы - Шираз қаласы. Фарстың жер бедері негізінен Загрос тауларының ұзын жоталарынан құралған. Жоталары оңтүстік-батыстан солтүстік-батысқа қарай созылып, кейін жазықтармен қиылысады. Отырықшылыққа дейін қашқайлықтар Фарс останынан олардың жазғы және қысқы маусымдарға байланысты солтүстік-шығыстан оңтүстік-шығысқа қарай көшіп отырған. Олар сондай-ақ Фарс останынан да асып, солтүстігінде Исфаханға, шығысында Кохгилуйе БойерАхмадта және оңтүстік-шығысында Хузестан останына, әрі қарай оңтүстік және оңтүстік-батыстан Парсы шығанағындағы жағалаудағы Бушер останына дейін маусымдық қоныс аударумен айналысқан. Қазіргі уақытта қашқайлар бұрынғы көшпелі аумағында көптеген қалалық және ауылдық аймақтарға шашыраңқы түрде тараған. Исфахан провинциясындағы Шахреза мен Семиром, Абаде, Эклид, Шираз, Фарс останындағы Казерун, Ардакан, Фирузабад және Джахром, Кохгилуйе-ва-Боир-Ахмад останындағы Гачсаран және Хузестан останындағы Хефтгел шахрестандарын мекендейді[4,б. 104]. Көшпенділердің аумақ шекарасын белгілеу үшін «зумм» термині пайдаланылған, Фарста көшпенділердің 500000 жуық киіз үй басы болған, әр зуммның басында жолдың қауіпсіздігін қарайтын ерекше басшысы болған[5,б.505]. 20-ғасырдың ортасына қарай өзін қашқайлық санайтын шамамен 400 мың адам тіркелеген болатын[6,б.10]. Яғни, көшпенді тайпалар отырықшы өмір салтын ұстанбаса да, өзара тайпалар арасындағы байланыста белгілі бір жүйеге бағынғанын бақылай аламыз. Қашқайлардың шығу тегінің өзі әртүрлі пікірлерге ие. В.В. Бартольдтың пікірі

бойынша 9-ғасырдағы араб географы Истахридың еңбектеріне сүйене отырып, олар Үндістан мен Систан арасында өмір сүріп, кейін Парсылық Иракқа миграциялап, Фарс останына келіп қоныстанған оғыз тайпаларының бірі халеджилардан бөлініп тараған және олардың атауы түркі сөзі «кашка»(ақ қасқалы ат) дегенді білдіреді[5,б.504]. Бұл пікірді А. Ромаскевич, Гаррод та ұстанады. Дәлел ретінде қашқайлардың құрамында халадж тайпасының болғандығы келтіріледі. Егер де оғыздардың қаһармандық эпосы «Китаби дедем Коркуд ала лисани таифеи огузан» («Оғыз тайпасының тіліндегі Қорқыт атамның кітабы») ескерткішіне көз жүгіртсек,эпостың Дрезден қолжазбасына түсірілген мазмұны бойынша, оғыздар қыпшақтар қысымымен Орта Азиядағы Тұранның далалық аңғарларынан Каспий теңізінің жағалауына, Батыс Азия мен Дунайға ауып, кейінірек түрікмендер, эзирбайжандар және түріктердің этногенезіне қатысқаны туралы жазылғанын тағы бір дәлел ретінде келтіруге болады[7,б.157]. Бетров Р. «Адыги: Возникновение и развитие этноса» атты адыгейлердің этногенезін зерттеуге арнаған еңбегінде қашқайлар туралы да мәлімет жазған болатын. Зерттеу жұмысында қашқайлар туралы Қара теңіздегі Таурус тауларында, Галис өзенінің сағасынан Батыс Закавказияға қарай кашки (немесе каски), каскейлер өмір сүрді деген мәлімет берген. [8,б.14]. Олардың тілі Кіші Азияның ежелгі тілдерінің бірі болған хатт тілінің диалектілерінің бірі болған. Осы кезекте хаттарды хеттерменен шатастырып, хаттарды олардың арғы ата-бабасы деу дәлелсіз пікір. Хаттар хеттер жаулап алған аймақта, олардан алдын өмір сүрген үндіеуропалық тіл тобына жатпайтын халық. Яғни, бұл кашкилер хаттардың туыстас тайпалар одағына кірген деген ой туғызады. Петросян А. Е. Кіші Азияда өмір сүрген кашкилер туралы «Хетт империясының солтүстік-шығысында тұрған урумайлықтардың хеттерге қарсы одақтасы ретінде белгілі тайпалар тобы» деп береді [9,б.548]. Расымен, қашқайлар мен абешалайлардың этнонимдері кейбір солтүстік-батыс(абхаз-адыгей) тайпаларда сақталған деп саналады. Түркі этимологиялық сөздігіне сүйенсек, татар тілінде «качкыр, кашкыр»- қасқыр, ал башқұр тілінде «кашкай,кашкар» - тіс қайрау деген мағынаны білдірсе, қырғыз тілінде бұл сөз «сенімді , тәуекелшіл болу» дегенді білдіреді. Осыдан қашқайлардың шығу тегі туралы әртүрлі ақпараттар мен деректердің берілуі, олардың расында белгілі бір қалыптасқан ұлт емес, көші-қон барысында құрылып, өзгеріске түсіп отырған тайпалар одағы екенінің айқын дәлелі екеніне көз жеткіземіз. Қашқайлар ру ақсақалдары (кадхуда) бастаған бөлек руларға бөлінеді. Рулар илхандар басқараған тайпаларға (тайфе) бірігеді. Тайпалар тағы тире атты бөлімдерге бөлінеді.Тайпа көсемі өз тайпасының мүдделерін, ең алдымен оның жайылымдары мен жер құқығын қорғауға міндетті. Әр тайпаның құрамындағы рулар «Рулық демократия» негізінде бір-бірімен тең қарым-қатынаста болып саналады. Қазіргі таңда қашқайлар құрамындағы негізгі тайпалары амале, даррешури, фарсимадан, кашкули бозорг, кашкули кочек, шеш-болуки, кара чажилу, шафи-тани и намади деп саналады. Иерархиялық бөлінісі бойынша тайпалық одақтардың басшысы (ель, аиль) – ильхандар деп аталды. Олардың уәзірі іспеттес қызметтегі көмекшілері ильбегилер болды. Ильхандарда үлкен беделдікпен қоса, мұрадан мұраға басқарушы билігін бере алу құқығы бар. Тайпалық одаққа кіретін жеке тайпалар – тайфе деп аталады. Олардың басшысы калантарлар болса, сол тайпадағы руларды басқару билігі кедғудаларға тиесілі. Калантарлар кедғудалар арқылы тайпа арасындағы бірлікті сақтайды.

Даррешур тайпасы. Олар Бірінші Аббас шахтың(1587–1629 жж.) билігі тұсында қызылбашылар одағының басшысы болған Хайдар Минбашидан тараған тайпа деген дерек келтіреді [2,б.196]. Жалпы, Даррешур атауы Фарсқа қоныс аударғаннан кейін, Даррешур жазығын мекендегенінен байланысты шыққан. Даррешурлардың жаздық жайылымдары

Қашқайлардың ең солтүстік жайлауларының бірі болған. Олардың жайылымдары бахтиарлар тайпасымен шектеседі. Даррехшурлардың қыстық жайылымдары Загростан батысқа қарай Кухгилуе Лур тайпасының аумағымен шектеседі. Осындай географиялық орналасуы оларды басқа ірі қашқайлық тайпалардан аумақтық жағынан алыс болуымен қатар, олардың тайпалық одақта тәуелсіз болуына әсер етті.

Кашкули тайпасы. Олар үлкен кашкули(кашкули бозорг), кіші кашкули, карачахтар болып бөлінеді. Кашкули тайпасының қыстақтары Казерун аумағында, сондай-ақ Ченар Шахижан, Махур-е Милати, Баба Калан және Бакеш қалаларының солтүстік-батысында орналасқан. Оның жазғы жайылымдары Ардақан, Комер, Какан айналасында, Фардың солтүстік-батысында орналасқан. Кашкулилерден бөлінген қарачахи («қара құдық») тайпасы. Кашкулилерден бөлініп, олар да негізі қашқайлық тайпалар одағына кірді. Бұл тайпа тек сегіз рудан тұрады. Шишболуктер (алты бөлік). Ильхандар шығатын Шахилу руы келмей тұрып, Фарс аймағын мекен еткен. Қыстық жайылымдары Фарстың солтүстігіндегі Феррашбанде шахрестанында орналасқан, ал жаздық жайылымдары Аспас, Эклид, Абаде аймақтарына дейінгі аумақты алып жатыр[2,б.36]. Кілем тоқу өнеріменен танымал. Амале тайпасы (мағынасы еңбек етушілер, амал етушілер).Амале тайпасының адамдары басынды ильхандарды қорғауға және оларға қызмет етуші ретінде сайланып отырған болатын.

Фарсимадан тайпасы. Фарсимадан(мағынасы парсы тілін білмейтіндер) Иванов бойынша олар алғаш Фарсқа қоныс аударғанда парсы тілін білмегендіктен, осындай атауы туындаған. [2,б.196] Фарсимадандар өздерінің шығу тегін каладждармен байланыстырады және олар Фарсқа келмей тұрып, Тегеранның оңтүстік-батысында орналасқан Қалажестанда тұрды деп мәлімдейді [10,б.294]. Фарсимадандықтар халқы 1956 жылы 1750 отбасы деп бағалаған [10,б.295]. Аталған ірі тайпалардан бөлек, сефихан, геллезан, рахими, игда және т.б тайпалар бар. Қашқайлар арасында әлеуметтік тап бөлінісі орын алған, бұл бөлініс олардың әлеуметтік өміріне тығыз қатынасады. Мысалғы, жоғары тап ильхандардың қызы төменгі таптың адамына тұрмысқа шыға алмайды, алайда ильхандар төменгі таптың қызына үйлену құқығына ие. Әлеуметтік тап бөлінісі келесідей орын алады: ильхандар, калантарлар,кадхуда,райя (қарапайым халық),табакаи паст(ең төменгі тап). Ең төменгі тап өкілдері ешқандай тайпа және руға жатпайтын, қолөнермен айналысатындар. Жоғары көсемдер өзінен дәрежесі төмен басшыларды тағайындауға немесе оларды алып тастауға құқығы жоқ, тек қана олар халықтың қалауын ескере отырып, қайтыс болған адамның мұрагерлері арасында таңдау жасауға құқығы бар. Қарапайым көшпенділерді басқаруда рулық және тайпа басшыларының билігі жоғары, бұл олардың ильхан, калантарлардан экономикалық тәуелділігін көрсетеді. Тайпалық, рулық басшылар көшпелілерден салықтар жинап, жұмысқа жегуге құқылы болған. Қашқайлар жыл сайын оңтүстікте қысты өткізіп, Парсы шығанағының орналасқан жағалаулық аудандарынан өтіп, Казеруннан, Фирузабаттан және Джеррумнан оңтүстікке қарай Семирумға, Күмішеге дейін барып, кейін қайтады. Көктемде Парсы шығанағы маңындағы қыстақтарын тастап қашқайлықтар баяу солтүстікке қарай жылжиды. Қашқайлықтардың жайлымын ауыстырып, қоныс аудара бастаған уақытта, көрші тайпалар да батыстан шығысқа қарай жылжи бастайды, осылайша олар жайылымдарын ауыстыру кезінде шекаралары қиылысса, белгілі бір қақтығыстарға алып келетіндіктен, соны алдын алу мақсатында бір-бірімен үндесіп көшін ауыстырып отырады. Иран Ислам Конституциясының 19-бабында: «Кез-келген этникалық топқа немесе тайпаға жататын ирандықтардың тең құқықтары бар; терінің түсі, нәсілі, тілі және т.б. ешкімді артықшылық жағдайына қоймайды» делінген[11,б.16]. Осыған байланысты, көшпелілер тайпасынан

шыққан балалар мектептерде оқуға құқығы бар, егер олардың қабілеті мен қалауы болса, олар тіпті жоғары білім ала алады. Иран үкіметі қашқайлықтарға қару-жарак ұстауына рұқсат берді. Сондай-ақ оларға көрші елдерге: Түркияға, Пәкістанға, Ауғанстанға визасыз өту құқығына ие екенін айта кеткен жөн. Қашқайлар тайпалық одағы әртүрлі тайпалар легінен құрылса да, олардың сенімдері мен өмір сүру салтында өзге де Орталық Азия, Кіші Азия, Кавказ аумақтарындағы түркі халықтарына тән белігілі бір ұқсастықтарды байқаймыз. Көріп отырғанымыздай, қашқайлардан бөлек басқа да түркі тайпаларының, оның ішінде Ирандағы түркі тайпалары жөнінде көптеген антропологиялық, лингвистикалық, тарихи бағытта зерттеу жұмыстарын талап етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Лайпанов К.Т., Мизиев И.М. О происхождении тюркских народов, ПУЛ, 1993. — 138 бет.
2. М.Иванов. Племена Фарса, кашкайские, хамсе, кухгилуйе, мамасани, Издательство Академии Наук СССР, 1961. — 170с.
3. Rahimberdi Annamoradnejad, Sedigheh Lotfi. Demographic changes of nomadic communities in Iran (1956-2008), Asian Population Studies 6(3), 2010. -335-345 бет.
4. Sohrab Dolatkah. The Kashkay People, Past and Present, Sohrab Dolatkah bilig Ê Spring / 2010 Ê Number 53. -103-114 бет.
5. Бартольд В.В. Сочинения в 9-ти томах. Том 7. Работы по исторической географии и истории Ирана, издательство Наука, 1974. – 667 бет.
6. Lois Beck. Nomad: A Year in the Life of a Qashqai Tribesman in Iran, University of California Press, 1991. –489 бет.
7. Ушницкий В.В. Книга моего деда Коркута: исторический эпос огузских народов, сборник тезисов по материалам Международной научной конференции, посвященной 125-летию выдающегося государственного и общественного деятеля Платона Алексеевича Ойунского. Якутск: Издательский дом СВФУ, 2018. – 228 бет.
8. Бетров Р.Ж. Эльбрус. Адыги: возникновение и развитие этноса, 1998. –248 бет.
9. Армен П. Е. Армянский Армавир и грузинский Армази: вопросы ранней этнической истории Армении и Грузии, эл. журнал Acta Linguistica Petropolitana. Труды института лингвистических исследований, Том X, ч. 1. Санкт-Петербург 2014. -535-556 бет.
10. O. Garrod. The Qashqai Tribe of Fars, Journal of the Royal Central Asian Society 33, 1946, -293-306 бет.
11. Конституция Исламской Республики Иран. cis-emo.net -55 бет.